

Студент қатарындағы жастарға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 наурыздағы № 53 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда № 9-7-93 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 наурыздағы № 95 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2010.03.25 № 95 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес және Әуликөл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 81 "Әуликөл ауданының 2009 жылғы арналған аудандық бюджеті туралы" шешімін іске асыру мақсатында Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық комиссияның шешімі бойынша, бюджетпен көзделген қ а р а ж а т т а р д ы ң ш е г і н д е :

табысы күнкөрістің ең аз шамасынан төмен;
м ү г е д е к т е р д е н ;
о р а л м а н д а р ;
толық емес отбасылардан;
ата-ананың қамқорлығысыз қалған жетімдерден;

4 және одан астам кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылардан шыққан студент қатарындағы жастарға медициналық және педагогикалық мамандықтар бойынша орта-арнайы және жоғары оқу орындарында оқытудың күндізгі бөлімін төлеу үшін әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Студент қатарындағы жастарға оқу орындарында оқытудың ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмекке мұқтаж үміткерлерді анықтау жөніндегі аудандық комиссия (әрі қарай Комиссия) құрылсын.

3. Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін міндетті құжаттар болып:
әлеуметтік көмек сұраған тұлғаның өтініші;
өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұрғылықты жерін растайтын құжат;
салық төлеушінің куәлігінің көшірмелері;

оқу орнын және оқу жылына оқыту үшін төлем мөлшерін растайтын құжат;
мүгедектігі жөніндегі анықтаманың көшірмесі;
ата-анасының (немесе ата-анасының біреуінің) қайтыс болғаны туралы
к у ә л і к т і ң к ө ш і р м е л е р і ;
көпбалалы отбасы мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі (көпбалалы
о т б а с ы н ы ң б а л а л а р ы ү ш і н) ;
оралманның куәлігі (оралмандар үшін);
отбасының жиынтық табысын растайтын құжаттары;
жеке шотының нөмірі табылады.

4. Уәкілетті орган әлеуметтік көмекті алуға үміткерлерден құжаттар қабылдайды, аудандық комиссия оларды қарайды және тағайындау туралы немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

5. "Әулікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып анықталсын.

6. Әлеуметтік көмектің барлық түрлері үшін төлем "Қазақстан Халық банкі" акционерлік қоғамының Қостанай облыстық филиалының Әулікөл басқармасы немесе "Қазпочта" акционерлік қоғамының Қостанай облыстық филиалының Әулікөл аудандық почта байланысы торабы немесе "Банк Тұран Әлем – Темірбанк" акционерлік қоғамы" акционерлік қоғамының еншілес ұйымының филиалы арқылы әлеуметтік көмек алушының жеке шотына ақшалай қаражаттарды аудару жолымен жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша жасалсын.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Нұғманова Роза Сыздыққызына жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ауданының әкімі

Б. Ғаязов

Ә у л и е к ө л